

**2011 жылға Түпқараған ауданы бойынша халықтың нысаналы топтарына әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыратын және құратын шаруашылық субъектілерінің тізбесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Түпқараған аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 06 сәуірдегі № 63 Қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 06 мамырда № 11-6-133 тіркелді. Күші жойылды - Түпқараған аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 10 қарашадағы № 337 Қаулысымен

**Күші жойылды - Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық әкімдігінің 2011.11.10 № 337 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» № 148 Заңының 31 бабы 1 тармағының 13 тармақшасына, 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» № 149 Заңының 7 бабы 5 - 4 тармағына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес 2011 жылға аудан бойынша халықтың нысаналы топтарына әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыратын және құратын шаруашылық субъектілерінің тізбесі бекітілсін.

2. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру «Аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (С.Қ. Қани) тапсырылсын.

3. «Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (О.Б.Жарылғапова) әлеуметтік жұмыс орындарына халықтың нысаналы топтарынан жұмыссыздардың жіберілуін және оларға жергілікті бюджеттің қаражатынан төленетін еңбек ақысының өтелуін қамтамасыз ету тапсырылсын.

4. Осы қаулының орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары Д.О.Меңдіхановқа жүктелсін.

5. Қаулы Маңғыстау облыстық әділет департаментінде мемлекеттік тіркелгеннен бастап күшіне және ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*С.У. Трумов*

**К Е Л І С І Л Д І :**

**«Түпқараған аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы**

06 сәуір 2011 жыл

«Түпқараған аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы  
С . Қ . Қ а н и

06 сәуір 2011 жыл

Түпқараған ауданы әкімдігінің  
06 сәуір 2011 жылғы  
№ 63 қаулысына Қосымша

**2011 жылы аудан көлемінде халықтың нысаналы топтары үшін әлеуметтік жұмыс орындарын құратын шаруашылық субъектілерінің тізбесі**

№	Шаруашылық субъектіле-рінің атаулары	Жұмыс көлемі түрлері	Жұмыс мерзімі	Қаржыландыру көзі және еңбекақы мөлшері	
	Жергілікті бюджеттен бір айлық ең төменгі жалақы мөлшері (теңге)				
	Жұмыс берушінің қаржысынан				
1	«Каспий коммуналдық қызметі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Келісім-шартқа сәйкес	1 жылға дейін	15999 теңге	Келісім-шартқа сәйкес
2	«Ақшұқырғаз-сервис» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	Келісім-шартқа сәйкес	1 жылға дейін	15999 теңге	Келісім-шартқа сәйкес
3	«Түпқараған су жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	Келісім-шартқа сәйкес	1 жылға дейін	15999 теңге	Келісім-шартқа сәйкес
4	«Таушық көп салалы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	Келісім-шартқа сәйкес	1 жылға дейін	15999 теңге	Келісім-шартқа сәйкес
5	«Қазпочта» акционерлік қоғамы Маңғыстау облыстық филиалы	Келісім-шартқа сәйкес	1 жылға дейін	15999 теңге	Келісім-шартқа сәйкес

